

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Айдар атауы: 2026 жылғы өзгерістер

Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшері артты

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысынан 3,5% дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңмен өсуде - 2024 жылы – 1,5%, 2025 жылы – 2,5%, 2026 жылы – 3,5%, 2027 жылы – 4,5%, 2028 жылы – 5%).

Еске сала кетейік, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жұмыс берушілер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) өз қызметкерлерінің пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға міндеттелді. Осылайша халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс берушінің қатысуымен іске асырылатын жаңа құрамдас бөлікпен толықтырылды.

ЖМЗЖ еңгізу 1975 жылы және одан кейін туған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл санаттағы азаматтардың ынтымақты зейнетақы алу үшін маңызы зор 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі жоқ немесе мүлде аз. Болашақта олардың жиынтық зейнетақысы үш құрамдас бөліктен тұратын болады: мемлекеттен төленетін базалық зейнетақы, қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасатын жинақтаушы зейнетақы және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасатын шартты-жинақтаушы зейнетақы.

Жұмыс берушілер 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар, зейнет жасына толған азаматтар, мерзімсіз уақытқа I және II топтағы мүгедектік белгіленген адамдар, әскери қызметшілер және оларға теңестірілген тұлғалар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ-ны уақытылы әрі толық төлеуін қадағалау міндеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелген.

ЖМЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдері өмір бойына жүзеге асырылады. Алайда зейнетақы алушы шетелге тұрақты тұруға көшкен немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын өзгерткен жағдайда бұл төлемдер тоқтатылады. Мұндай жағдайда азамат тек өзінің жеке зейнетақы шотында жинақталған қаражатын ғана ала алады, ал ЖМЗЖ есебінен аударылған қаражат БЖЗҚ-да қалады. Себебі бұл қаражат салымшының жеке меншігі болып саналмайды және шартты зейнетақы шоттарына есептеледі. Сәйкесінше, ЖМЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтар мұраға қалдырылмайды және олар зейнетақы төлемдерін ынтымақтылық (тарату) қағидаты бойынша төлеуге арналған. Демек, Қазақстан азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған тұлғалар үшін бұрын төленген ЖМЗЖ қаражаттары қорда қалып, қалған қатысушылар арасында қайта бөлінеді.

Бұған дейін сарапшылар ЖМЗЖ есебінен жиналған қаражатты салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына аудару, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда тең тәсілді қамтамасыз ету мақсатында жасына қарамастан, ЖМЗЖ-мен барлық қызметкерлерді қамту жөнінде ұсыныстар білдірген болатын. Сарапшылар тарапынан жасалған бұл ұсыныстар әзірге талқылау сатысында.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып,

оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).